

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған тірі туу мен өлі туу өлшемдеріне Қазақстан Республикасының көшуі жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 38-ө Өкімі

Қазақстан Республикасында 2006 - 2007 жылдары Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған тірі туу мен өлі туудың халықаралық өлшемдеріне көшу жөніндегі дайындық іс-шараларын жүргізу мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған тірі туу мен өлі туу өлшемдеріне Қазақстан Республикасының көшуі жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Мүдделі министрліктер, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) Жоспардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты ұсынсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 1 наурыздағы
N 38 - ө өкімімен

бекітілген

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған тірі туу мен өлі туу өлшемдеріне Қазақстан Республикасының көшуі жөніндегі іс-шаралар жоспары

р / с N	Іс-шаралар	Аяқта- л у нысаны	Жауап- т ы орын- даушы- лар	Орында- л у мерзімі	Болжа- н ы п отыр- ғ а н шығыс- т а р (млн. теңге)	Қаржы-ланды - р у көзі
1	2	3	4	5	6	7

1. Ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралар

1.	Дүниежүзілік ден-саулық сақтау ұйымы ұсынған тірі туу мен өлі туу өлшемдеріне (бұдан әрі - ДДҰӨөлшемдері) сәйкес балалардың туылу және шетінеу жағдайларын тіркеуді регламенттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерге тексеру жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ҚРДСМ (жинақтау), ҚР Әділет-мині, ҚРСА	2007 жылғы І І тоқсан	Талап етілмейді	
2.	ДДҰ өлшемдеріне сәйкес балалардың туылу және шетінеу жағдайларын тіркеу үшін пайдаланылатын ведомстволық есепке алу-есеп беру құжаттамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Бұйрық	ҚРДСМ (жинақтау), ҚР Әділет-мині, ҚРСА	2007 жылғы І V тоқсан	Талап етілмейді	
3.	Қолданыстағы»Жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелерді күту жөніндегі диагностика мен емдеудің мерзімді клиникалық хаттамаларына" тексеру жүргізу және ДДҰӨөлшемдерін ескере отырып өзгерістер енгізу	Бұйрық	ҚРДСМ	2007 жылғы І І І тоқсан	Талап етілмейді	
4.	БАҚ-ты тарта отырып, халық арасында ДДҰӨ өлшемдерін енгізу жөніндегі түсіндірме науқанын жүргізу	Қ Р ДСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, халықаралық ұйымдар	2006 - 2007 жылдар ішінде	Халықаралық ұйым-мейді	

			(келіс і м бойынша)		дардың қаражаты	
2. Денсаулық сақтау кадрларын даярлау және қайта даярлау						
5.	ДДҰ өлшемдерін ескере отырып, мамандарды дипломға дейінгі және дипломнан кейінгі даярлаудың оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу	Бұйрық	ҚРДСМ	2006 жылғы ІІІ тоқсан	Талап етілмейді	
6.	ДДҰ өлшемдерін қолдануды үйретуге мұқтаж медицина қызметкерлерінің болжамды санын анықтау	Қ Р ДСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2006 жылғы ІІІ тоқсан	Талап етілмейді	
7.	ДДҰ өлшемдерін қолдануға медицина қызметкерлерін оқыту кестесін бекіту	Бұйрық	ҚРДСМ, халықаралық ұйымдар (келіс і м бойынша)	2006 жылғы І V тоқсан	Талап етілмейді	
8.	Балалар мен босандыру ұйымдарының медицина қызметкерлерін, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының патологоанатомиялық қызмет мамандарын ДДҰ өлшемдерін қолдануға оқыту	Бұйрық	ҚРДСМ, халықаралық ұйымдар (келіс і м бойынша)	2007 жылдың ішінде	Халықаралық ұйымдардың қаражаты	
3. Босандыру және балалар қызметінің медициналық ұйымдарын дәрілік қамтамасыз ету мен материалдық-техникалық жаратандыруды жетілдіру						
9.	Балалар мен босандыру ұйымдарының жаңа туған нәрестелерге (оның ішінде аз дене салмағымен туған)	Қ Р ДСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының	2006 жылғы І I тоқсан		

	реанимациялық көмек көрсету үшін қажетті медициналық жабдықтарға қажеттілігін анықтау		рының әкімдіктері		Талап етілмейді	
10.	ДДҰ өлшемдерін ескере отырып, жаңа туған балаларға медициналық көмек көрсету үшін балалар мен босандыру ұйымдарының арнайы дәрілік құралдарға (сурфактант) қажеттілігін анықтау жөніндегі жұмысты жүргізу	Қ Р ДСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2006 жылғы ІІІ тоқсан	Талап етілмейді	
11.	Балалар мен босандыру ұйымдарының жарақтандырылу деңгейін медициналық жабдықтармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандырудың ең аз нормативіне дейін жеткізу	Қ Р ДСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2006 - 2007 жылдар ішінде	2006 жыл - 2859,9 2007 жыл* - 2948,1	Республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер (038 бюджеттік бағдарлама)

4. Әлеуметтік қолдау жөніндегі іс-шаралар

12.	ДДҰ өлшемдерін ескере отырып, балалары бар отбасыларына мемлекеттік жәрдемақы төлеу үшін қажетті қаржы қаражатын есептеу мақсатында 2008 - 2010 жылдары балалар туылуының болжамды санын және нәрсетелердің шетінеу көрсеткішін анықтау	Қ Р Еңбекминіне ақпарат	ҚРДСМ	2006 жылғы ІІІ тоқсан	Талап етілмейді	
-----	---	-------------------------	-------	-----------------------	-----------------	--

5. Халықаралық өлшемдерді ескере отырып, балалардың туылу және шетінеу жағдайларын тіркеу жөніндегі іс-шаралар

13.						
-----	--	--	--	--	--	--

2008 жылғы 1 қаңтардан бастап денсаулық сақтау ұйымдарына ДДҰ өлшемдеріне сәйкес балалардың туылу және шетінеу жағдайларын тіркеуді енгізу	Нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	ҚРДСМ (жинақтау), ҚРСА	2007 жылғы I V тоқсан	Талап етілмейді	
--	--------------------------------------	------------------------	-----------------------	-----------------	--

* қаржы қаражатының көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады

Е с к е р т п е :

ҚР ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ҚР Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ҚР Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ҚР СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі.